

Стратегиялық зор маңызы бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 19 ақпан N 178

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, "Алтынсарин-Хромтау" темір жол желісі құрылысының сапасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы қаржыландыру жоспарында көзделген қаражат шегінде стратегиялық зор маңызы бар ретінде "Алтынсарин-Хромтау" темір жол желісі құрылысын техникалық қадағалауды және технологиялық қолдауды ұйымдастыруды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі